

Метрологиялық сипаттамалардың сыныптауышы туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2021 жылғы 28 желтоқсандағы № 189 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы Шартқа № 3 қосымша) 4 және 7-тармақтарына сәйкес және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 17 қарашадағы № 155 Шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесі туралы ережені басшылыққа ала отырып, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Қоса беріліп отырған метрологиялық сипаттамалардың сыныптауышы (бұдан әрі – сыныптауыш) бекітілсін.

2. Сыныптауыш Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесі ресурстарының құрамына енгізілсін.

3. Мынадай:

сыныптауыш осы Шешім күшіне енген күннен бастап қолданылады;

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде техникалық реттеу саласындағы жалпы процестерді іске асыру кезінде сыныптауыштың кодтық белгілерін пайдалану міндетті болып табылады деп белгіленсін.

4. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

М. Мясникович

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2021 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 189 Шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

Метрологиялық сипаттамалардың СЫНЫПТАУЫШЫ

I. Сыныптауыштен егжей-тегжейленген мәліметтер

Метрологиялық сипаттамалар тобының коды	Топтың атауы, метрологиялық сипаттамалар түрінің коды	Түрдің атауы, метрологиялық сипаттаманың коды	Метрологиялық сипаттаманың атауы
	Өлшеу нәтижесін анықтайтын сипаттамалар		
		өлшеу диапазоны (мәндер)	

0101	0101010	бірлік жаңғыртылатын шама мәндерінің диапазоны
	0101020	өлшеу диапазоны
	0101030	сертификатталған (аттестатталған) мәндердің рұқсат етілген диапазоны
	0101040	көрсеткіштер аралығы
	0101050	көрсеткіштердің номиналды диапазоны (номиналды диапазон)
	0101060	көрсеткіштердің номиналды аралығы (номиналды аралық)
	0101999	басқа өлшеу диапазондары (мәндері)
0102	өлшемнің мәні (көрсетілім)	
	0102010	бір мәнді өлшемнің мәні
	0102020	көп мәнді өлшемнің мәні
	0102030	шаманың номиналды мәні (номиналды мән)
	0102040	бірлік жаңғыртылатын шаманың номиналды мәні
	0102050	көрсеткіш
	0102060	стандартты үлгінің сертификатталған (аттестатталған) мәні
	0102070	эталонмен жаңғыртылатын шаманың шартты шын мәні(лері)
	0102080	фондық көрсеткіш
	0102999	шаралардың (көрсеткіштердің) өзге де мәндері
0103	түрлендіру функциясы	
	0103010	өлшеу түрлендіргішінің түрлендіру функциясы
	0103020	өлшем құралының түрлендіру функциясы
	0103030	кіріс шамасының бірліктерінен басқа бірліктермен градуирленген шкаласы бар өлшем құралының түрлендіру функциясы

	0103999	түрлендіру функциясының өзге де сипаттамалары
0104	цифрлық кодта нәтижелерді беруге арналған өлшем құралдарының сипаттамалары	
	0104010	шығыс кодының түрі
	0104020	код разрядтарының саны
	0104030	кодтың ең аз разряды бірлігінің бағасы
	0104999	цифрлық кодта нәтижелерді беруге арналған өлшем құралдарының өзге де сипаттамалары
0105	өлшем құралдарының немесе көп мәнді шара шкаласының сипаттамалары	
	0105010	өлшем құралдарын немесе көп мәнді шара шкаласын бөлу бағасы
	0105999	өлшем құралдарының немесе көп мәнді шара шкаласының өзге де сипаттамалары
0199	өлшеу нәтижесін анықтайтын басқа сипаттамалар	
Қателіктің сипаттамасы		
0201	қателіктің жалпы сипаттамалары	
	0201010	өлшеу қателігі берілген ықтималдылықпен болатын шекаралар
	0201020	қателіктің рұқсат етілген мәні
	0201030	әртектіліктен қателік сипаттамасының рұқсат етілген мәні
	0201040	жіберілетін қателіктің шегі
	0201050	орташа квадраттық ауытқу (стандартты ауытқу)
	0201060	стандартты үлгінің аттестатталған мәнін белгілеу тәсілінен стандартты ауытқу
	0201070	қателіктің әртектіліктен стандартты ауытқуы
	0201080	қателіктің тұрақсыздықтан стандартты ауытқуы

	0201999	қателіктің өзге де жалпы сипаттамалары
0202	жүйелік қателіктің сипаттамалары	құрамдас бөлігінің
	0202010	жүйелік қатенің шекаралары
	0202020	алып тасталмаған жүйелік құрамдас бөлігі берілген ықтималдылықпен болатын шекаралар
	0202030	жүйелік қатенің сенімділік шекаралары
	0202040	жүйелік қателіктің алып тасталмаған құрамдас бөлігінің сенімгерлік шекаралары
	0202050	жүйелік қателіктің құрамдас бөлігінің мәні
	0202060	жүйелік қателіктің құрамдас бөлігін математикалық күту
	0202070	жүйелік қателіктің құрамдас бөлігінің орташа квадраттық ауытқуы
	0202080	жүйелік қателіктің алып тасталмаған құрамдас бөлігінің орташа квадраттық ауытқуы
	0202999	жүйелік қателіктің құрамдас бөлігінің өзге де сипаттамалары
	кездейсоқ қателіктің сипаттамасы	құрамдас бөлігінің
	0203010	кездейсоқ қателіктің құрамдас бөлігінің сенімгерлік шекаралары
	0203020	қалыпқа келтірілген автокорреляциялық функцияның корреляция интервалы
	0203030	орташа квадраттық ауытқудың мүмкін болатын ең үлкен мәні
	0203040	қалыпқа келтірілген автокорреляциялық функция

0203	0203050	өлшеу нәтижесінің орташа квадраттық ауытқуы
	0203060	кездейсоқ қателіктің құрамдас бөлігінің орташа квадраттық ауытқуы
	0203070	кездейсоқ қателіктің құрамдас бөлігінің спектрлік тығыздығының функциясы
	0203080	гистерезис кездейсоқ қателігінің құрамдас бөлігінің сипаттамасы
	0203999	кездейсоқ қателіктің құрамдас бөлігінің өзге сипаттамалары
0204	жиынтық қателіктің сипаттамалары	
	0204010	өлшемдердің жиынтық қателігінің шекаралары
	0204020	жиынтық қателіктің сенімгерлік шекаралары
	0204030	жиынтық орташа квадраттық ауытқу
	0204999	жиынтық қателіктің өзге сипаттамалары
	қателіктің басқа сипаттамалары	
	0299010	өлшем құралының абсолютті қателігі
	0299011	абсолютті қателіктің шекаралары
	0299020	өлшем құралының динамикалық қателігі
	0299030	өлшем құралының қосымша қателігі
	0299040	аспаптық ығысу
	0299050	қателіктің нормасы
	0299060	өлшем құралының негізгі қателігі
	0299070	өлшем құралының салыстырмалы қателігі
	0299071	салыстырмалы қателіктің шекаралары
	0299080	бақылау нүктесіндегі қателік
	0299090	нөлдің қателігі
	0299100	шара қателігі

0299	0299110	өлшем құралының келтірілген қателігі
	0299120	өлшеу қателігінің тіркелінді сипаттамалары
	0299130	өлшем құралының статикалық қателігі
	0299140	өлшем құралдары қателігінің статистикалық сипаттамалары (ықтималдық сипаттамаларын бағалау)
	0299150	жүйелі және кездейсоқ қателіктің құрамдас бөліктерінің ықтималдық таралу функциясы немесе тығыздығы
	0299160	өлшем құралдарының қателігінің сипаттамасы – қателіктің мәні
	0299170	әсер етуші шаманың интервалындағы өлшем құралдарының қателігінің сипаттамасы – қателіктің мәні
	0299999	қателіктің өзге де сипаттамалары
0301	Белгісіздік сипаттамалары	
	стандартты белгісіздік сипаттамалары	
	0301010	өлшеудің салыстырмалы стандартты белгісіздігі
	0301020	стандартты үлгінің аттестатталған мәнін белгілеу тәсілінен стандартты белгісіздік
	0301030	әртектіліктен стандартты белгісіздік
	0301040	тұрақсыздықтан стандартты белгісіздік
	0301050	А типі бойынша бағаланатын стандартты белгісіздік
	0301060	В типі бойынша бағаланатын стандартты белгісіздік
	0301999	стандартты белгісіздіктің өзге сипаттамалары
	жиынтық стандартты белгісіздіктің сипаттамалары	

03	0302	0302010	жиынтық стандартты белгісіздік	
		0302020	А типі бойынша бағаланатын жиынтық стандартты белгісіздік	
		0302030	В типі бойынша бағаланатын жиынтық стандартты белгісіздік	
		0302999	жиынтық стандарттық белгісіздіктің өзге де сипаттамалары	
	0303	кеңейтілген белгісіздіктің сипаттамалары		
		0303010	кеңейтілген белгісіздіктің жол берілетін мәндерінің шекаралары	
		0303020	кеңейтілген белгісіздік	
		0303030	Р сенім деңгейі үшін кеңейтілген белгісіздік	
		0303999	кеңейтілген белгісіздіктің өзге де сипаттамалары	
	0399	белгісіздіктің басқа сипаттамалары		
		0399010	дефинициалды белгісіздік	
		0399020	өлшемдердің жол берілетін белгісіздігі	
		0399030	аспаптық белгісіздік	
		0399040	нөлді өлшеудің белгісіздігі	
		0399050	тағайындалған өлшем белгісіздігі	
		0399050	мақсатты белгісіздік	
		0399999	белгісіздіктің өзге де сипаттамалары	
	04	Дәлдіктің басқа сипаттамалары		
		0401	кателік және (немесе) белгісіздік сипаттамаларының құрамында айқындалмаған дәлдіктің сипаттамалары	
			0401010	дәлдіктің класы
			0401020	эталонның жыл ішіндегі тұрақсыздығы
0401999			дәлдіктің өзге де сипаттамалары	
Сезімталдықтың сипаттамалары				
	әсер етуші шамаларға сезімталдық			
	0501010	абсолютті сезімталдық		
	0501020	сезімталсыздық аймағы		

05	0501	0501030	белгіленген шектердегі әсер етуші шамалардың өзгеруінен туындаған өлшем құралдарының метрологиялық сипаттамалары мәндерінің өзгеруі
		0501040	салыстырмалы сезімталдық
		0501050	сезімталдық шегі
		0501060	әсер ету функциялары
		0501999	сезімталдықтың өзге де сипаттамалары
		Динамикалық метрологиялық қасиеттердің сипаттамалары	
06	0601	толық динамикалық сипаттамалары	
		0601010	амплитудалық-фазалық сипаттамасы
		0601020	амплитудалық-жиіліктік сипаттамасы
		0601030	импульстің өтпелі сипаттамасы
		0601040	табыстама функциясы
		0601050	өтпелі сипаттамасы
		0601060	амплитудалық-жиіліктік және фазалық-жиіліктік сипаттамалардың жиынтығы
		0601999	өзге де толық динамикалық сипаттамалар
06	0602	жеке динамикалық сипаттамалары	
		0602010	реакция уақыты
		0602020	резонанстық жиіліктегі амплитудалық-жиіліктік сипаттаманың мәні
		0602030	резонанстық меншікті шеңберлік жиіліктің мәні
		0602040	демпфирлеу коэффициенті
		0602050	өлшеулердің ең жоғары жиілігі (жылдамдығы)
		0602060	есептеуді даталаудың қателігі
		0602070	уақыт тұрақтысы
0602999	өзге де жеке динамикалық сипаттамалар		

0603	реакция уақытының немесе есептеуді даталаудың қателігінің жеке құрамдас бөліктері	
	0603010	нәтижені беруді кідірту уақыты
	0603020	іске қосуды кешіктіру уақыты
	0603030	күту уақыты
	0603040	түрлендіру уақыты
	0603999	реакция уақытының немесе есептеуді даталаудың қателігінің өзге де құрамдас бөліктері
0604	осы өлшем құралдарының ақпарат алмасу құрылғылары орындалған интерфейсте қарастырылған қызмет көрсету операцияларының орындалу уақытын ескере отырып, динамикалық сипаттамалары	
0699	өзге де динамикалық сипаттамалар	
Басқа метрологиялық сипаттамалар		
9901	өлшем қателігінің аспаптық құрамдас бөлігіне әсер ету қабілетін көрсететін өлшем құралдарының сипаттамалары	
	9901010	сызықтық өлшеуіш түрлендіргіштің кіріс импедансы
	9901020	сызықтық өлшеуіш түрлендіргіштің шығыс импедансы
	9901999	қателіктің аспаптық құрамдас бөлігіне әсер ету қабілетін көрсететін өзге де сипаттамалар
9999	өлшем құралдарының басқа сипаттамалары	
	9999010	әсер етуші шамадан туындаған вариация
	9999020	Жаңғыртылуы
	9999030	жауап беру уақыты (секірмелі әсер ету кезінде)
	9999040	Таңдаушылық
	9999050	аспаптық дрейф
	9999060	сызықтылық
	9999070	өлшем құралының шығу сигналының ақпараттық емес параметрлері
	9999080	қайталанушылық

	9999090	жедел жауап қату шегі
	9999100	анықтау шегі
	9999110	рұқсат беру
	9999120	рұқсат беру қабілеттілігі
	9999130	дрейф жылдамдығы
	9999140	ығысуы
	9999150	тұрақтылық
	9999160	біртектіліктің сипаттамасы
	9999999	өзге де метрологиялық сипаттамалар

II. Сыныптауыштың паспорты

Р/с №	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Коды	—
2	Типі	2 – сыныптауыш
3	Атауы	метрологиялық сипаттамалардың сыныптауышы
4	Аббревиатурасы	КМХ
5	Белгіленімі	ЕК 066 - 2021 (1-ред.)
6	Анықтамалықты (сыныптауышты) қабылдау (бекітілгені) туралы актінің деректемелері	Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 20 ж. № Шешімі
7	Анықтамалықты (сыныптауышты) қолданысқа енгізілген (қолданыла бастаған) күні	Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 20 ж. № Шешімі күшіне енген күннен бастап
8	Анықтамалықты (сыныптауышты) қолдануды тоқтату туралы актінің деректемелері	—
9	Анықтамалықты (сыныптауышты) қолданудың аяқталу күні	—
10	Оператор (операторлар)	Еуразиялық экономикалық комиссия
11	Арналымы	шама бірліктері эталондарының, стандартты үлгілердің, өлшем құралдарының және өлшеу әдістемелерінің (әдістерінің) метрологиялық сипаттамаларын сыныптауға және кодтауға арналған
12	Аннотация (қолданылу саласы)	Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде ақпараттық өзара іс-қимылды іске асыру кезінде қолданылатын электрондық

		құжаттарды (мәліметтерді) қалыптастыру кезінде пайдаланылады
13	Түйін сөз	метрологиялық сипаттама, шама бірліктерінің эталоны, стандартты үлгі, өлшем құралы, өлшеулерді орындау әдістемесі, өлшеу әдісі (әдістемесі)
14	Еуразиялық экономикалық одақ органдарының өкілеттіктері іске асырылатын сала	техникалық реттеу
15	Халықаралық (мемлекетаралық, өңірлік) сыныптауыштарды пайдалану	2-сыныптауыштың халықаралық (мемлекетаралық, өңірлік) аналогтары жоқ
16	Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік анықтамалықтарының (сыныптауыштарының) болуы	2-сыныптауыштың Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде аналогтары жоқ
17	Жүйелеу әдісі (сыныптау)	2-иерархиялық, қосымша бойынша тәртіпке сәйкес сыныптау сатыларының (деңгейлерінің) саны 2
18	Жүргізу әдістемесі	1-жүргізудің орталықтандырылған рәсімі, сыныптауыш қосымша бойынша тәртіпке сәйкес электрондық түрде жүргізіледі
19	Құрылымы	сыныптауыштың құрылымы туралы ақпарат (өрістер құрамы, олардың мәндерінің аясы және қалыптастыру қағидалары) осы құжаттың III бөлімінде келтірілген
20	Деректердің құпиялылық дәрежесі	сыныптауыштың мәліметтері ашық қолжетімді ақпаратқа жатады
21	Қайта қарау кезеңділігін белгілеу	–
22	Өзгертулер	–
23	Анықтамалықтың (сыныптауыштың) егжей-тегжейленген мәліметтеріне сілтеме	(сыныптауыштың егжей-тегжейленген мәліметтері осы құжаттың I бөлімінде келтірілген
24	Анықтамалықтан (сыныптауыштан) мәліметтерді ұсыну тәсілі	(Еуразиялық экономикалық одақтың ақпараттық порталында жариялау

III. Сыныптауыш құрылымының сипаттамасы

1. Осы бөлім сыныптауыштың құрылымы мен деректемелік құрамын, оның ішінде деректемелер мәндерінің салаларын және оларды қалыптастыру қағидаларын айқындайды.

2. Сыныптауыштың құрылымы мен деректемелік құрамы мынадай жолдар (бағандар) қалыптастырылатын кестеде келтірілген:

"деректеменің атауы" – деректеменің реттік нөмірі және бекітілген немесе ресми ауызша белгіленуі;

"деректеме мағынасының аймағы" – элементтің мағынасын (семантикасын) түсіндіретін мәтін;

"деректеме мәнін қалыптастыру қағидалары" – элементтің мақсатын нақтылайтын және оны қалыптастыру (толтыру) қағидаларын айқындайтын мәтін немесе элементтің ықтимал мәндерін сөзбен сипаттау;

"көпт." - деректеменің көптігі (міндеттілік (опционалдылық) және деректеменің ықтимал қайталануының саны).

3. Берілетін деректер деректемелерінің көптігін көрсету үшін мынадай белгілер пайдаланылады:

- 1 – деректеме міндетті, қайталауға жол берілмейді;
 - n – деректеме міндетті, n рет қайталануы тиіс ($n > 1$);
 - 1..* – реквизит міндетті, шектеусіз қайталануы мүмкін;
 - n..* – деректеме міндетті, кемінде n рет қайталануы тиіс ($n > 1$);
 - n..m – деректеме міндетті, кемінде n рет және m реттен көп емес қайталануы тиіс ($n > 1, m > n$);
 - 0..1 – реквизит опционалды, қайталауға жол берілмейді;
 - 0..* – реквизит опционалды, шектеусіз қайталануы мүмкін;
 - 0..m – реквизит опционалды, m реттен көп емес қайталануы мүмкін ($m > 1$).
- Кесте

Сыныптауыштың құрылымы және деректемелік құрамы

Деректеменің атауы	Деректеме мәнінің саласы	Деректеме мәнін қалыптастыру қағидалары	Көпт.
1. Метрологиялық сипаттамалар тобы туралы мәлімет	салынған деректемелер мәндерінің салаларымен айқындалады	салынған деректемелерді қалыптастыру қағидаларымен айқындалады	1..*
1.1. Метрологиялық сипаттамалар тобының коды	символдардың қалыпқа келтірілген жолы. Шаблон: \D{2}	кодтық белгілеу дәйекті кодтау әдісін қолдану арқылы қалыптасады	1
1.2. Метрологиялық сипаттамалар тобының атауы	символдар жолы. Ең аз ұзындығы: 1. Ең көп ұзындығы: 1000	атауы орыс тіліндегі мәтін түрінде қалыптасады	1
1.3. Метрологиялық сипаттамалардың түрі туралы мәліметтер	салынған деректемелер мәндерінің салаларымен айқындалады	енгізілген деректемелерді қалыптастыру қағидаларымен айқындалады	1..*

1.3.1. Метрологиялық сипаттамалар түрінің коды	символдардың қалыпқа келтірілген жолы. Шаблон: \D{4}	кодтық белгілеу дәйекті кодтау әдісін қолдану арқылы қалыптасады	1
1.3.2. Метрологиялық сипаттамалар түрінің атауы	символдар жолы. Ең аз ұзындығы: 1. Ең көп ұзындығы: 1000	атауы орыс тіліндегі мәтін түрінде қалыптасады	1
1.3.3. Метрологиялық сипаттама туралы мәліметтер	салынған деректемелер мәндерінің салаларымен айқындалады	салынған деректемелерді қалыптастыру қағидаларымен айқындалады	1..*
1.3.3.1. Метрологиялық сипаттаманың коды	символдардың қалыпқа келтірілген жолы. Шаблон: \d{7}	кодтық белгілеу дәйекті кодтау әдісін қолдану арқылы қалыптасады	1
1.3.3.2. Метрологиялық сипаттаманың атауы	символдар жолы. Ең аз ұзындығы: 1. Ең көп ұзындығы: 1000	атауы орыс тіліндегі мәтін түрінде қалыптасады	1
1.3.3.3. Анықтамалықтың (сыныптауыштың) жазбасы туралы мәліметтер	салынған деректемелер мәндерінің салаларымен айқындалады	салынған деректемелерді қалыптастыру қағидаларымен айқындалады	1
*.1. Іс-қимылдың басталу күні	МемСТ ИСО 8601-2001 сәйкес YYYY-MM-DD форматында күнді белгілеу	Еуразиялық экономикалық одақ органының актісінде көрсетілген іс-қимылдың басталу күніне сәйкес келеді	1
*.2. Анықтамалықтың (сыныптауыштың) жазбасының әрекет етуінің басталуын регламенттейтін акті туралы мәліметтер	салынған деректемелер мәндерінің салаларымен айқындалады	салынған деректемелерді қалыптастыру қағидаларымен айқындалады	1
*.2.1. Актінің түрі	символдардың қалыпқа келтірілген жолы. Шаблон: \D{5}	халықаралық құқықтың нормативтік құқықтық актілері түрлерінің сыныптауышына сәйкес актінің кодтық белгіленуі	1
*.2.2. Актінің нөмірі	символдар жолы. Ең аз ұзындығы: 1. Ең көп ұзындығы: 50	Еуразиялық экономикалық одақ органы актісінің нөміріне сәйкес келеді	1
*.2.3. Актінің күні	МемСТ ИСО 8601-2001 сәйкес YYYY-MM-DD форматында күнді белгілеу	Еуразиялық экономикалық одақ органы актісінің қабылданған күніне сәйкес келеді	1
*.3. Іс-қимылдың аяқталу күні	МемСТ ИСО 8601-2001 сәйкес YYYY-MM-DD	Еуразиялық экономикалық одақ органының актісінде көрсетілген іс-қимылдың	0..1

	форматында күнді белгілеу	басталу күніне сәйкес келеді	
*.4. Анықтамалықтың (сыныптауыштың) жазбасы әрекетінің аяқталуын регламенттейтін акт туралы мәліметтер	салынған деректемелер мәндерінің салаларымен айқындалады	салынған деректемелерді қалыптастыру қағидаларымен айқындалады	0..1
*.4.1. Актінің түрі	символдардың қалыпқа келтірілген жолы. Шаблон: \D{5}	халықаралық құқықтың нормативтік құқықтық актілері түрлерінің сыныптауышына сәйкес актінің кодтық белгіленімі	1
*.4.2. Актінің нөмірі	символдар жолы. Ең аз ұзындығы: 1. Ең көп ұзындығы: 50	Еуразиялық экономикалық одақ органы актісінің нөміріне сәйкес келеді	1
*.4.3. Актінің күні	МемСТ ИСО 8601–2001 сәйкес YYYY-MM-DD форматында күнді белгілеу	Еуразиялық экономикалық одақ органы актісінің қабылданған күніне сәйкес келеді	1

Метрологиялық сипаттамалардың сыныптауышына ҚОСЫМША

Метрологиялық сипаттамалардың сыныптауышын жүргізу ТӘРТІБІ

I. Жалпы ережелер

1. Осы Тәртіп Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) құқығына кіретін мынадай актілерге сәйкес әзірленді:

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы Шарт (бұдан әрі – Одақ туралы шарт);

"Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесі туралы" Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 17 қарашадағы № 155 Шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпаратының жүйесінің ресурстары құрамына кіретін анықтамалықтар және сыныптауыштарды әзірлеу, жүргізу және қолдану әдіснамасын бекіту туралы" 2017 жылғы 19 қыркүйектегі № 121 Шешімі (бұдан әрі – Әдіснама).

II. Қолдану саласы

2. Осы Тәртіп метрологиялық сипаттамалар сыныптауышын (бұдан әрі – сыныптауыш) қалыптастыру, жүргізу және қолдану қағидаларын айқындайды.

3. Осы Тәртіп Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) сыныптауышты қалыптастыру және жүргізу кезінде, сондай-ақ өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласында өкілеттіктер берілген Одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары (бұдан әрі – мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары) өз қызметінде сыныптауыштан мәліметтерді жүргізу және пайдалану кезінде қолданылады.

III. Негізгі ұғымдар

4. Осы Тәртіптің мақсаттары үшін "метрологиялық сипаттама" ұғымы деп өлшем нәтижесіне әсер ететін сипаттама түсініледі.

Осы Тәртіпте пайдаланылатын өзге де ұғымдар, Одақ туралы Шартта және Одақ органдарының Одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесін қалыптастыру және дамыту мәселелеріне қатысты актілерінде айқындалған мағыналарда қолданылады.

IV. Сыныптауышты жүргізу қағидаттары

5. Сыныптауышты қалыптастыру және жүргізу шама бірліктері эталондарының, стандартты үлгілердің, өлшем құралдарының және өлшеу әдістерінің (әдістемелерінің) метрологиялық сипаттамалары туралы мәліметтерді жүйелеу (сыныптау) және кодтау мақсатында жүзеге асырылады.

6. Жүйелеу (сыныптау) объектілері болып шама бірліктері эталондарының, стандартты үлгілердің, өлшем құралдарының және өлшем әдістерінің (әдістемелерінің) метрологиялық сипаттамалары табылады.

7. Сыныптауышты қалыптастыруды және жүргізуді жүзеге асыратын Комиссия сыныптауыштың операторы болып табылады.

8. Жүйелеу (сыныптау) объектілерін жүйелеу (сыныптау) мақсатында сыныптау сатыларының (деңгейлерінің) 2 санымен сыныптаудың иерархиялық әдісі қолданылады.

9. Жүйелеудің (сыныптаудың) бірінші деңгейінде жүйелеу (сыныптау) объектілері МемСТ 8.009-84 "Өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесі (ӨБМЖ) мемлекетаралық стандарты шеңберінде өлшем құралдарының метрологиялық сипаттамаларының номенклатурасымен айқындалған сипаттамалар топтарына сәйкес бөлінген метрологиялық сипаттамалардың мынадай топтары бойынша бөлінген. Өлшем құралдарының нормаланатын метрологиялық сипаттамалары":

өлшем нәтижесін анықтайтын сипаттамалар;

қателіктің сипаттамалары;

белгісіздік сипаттамалары;

дәлдіктің басқа сипаттамалары;

сезімталдықтың сипаттамалары;

динамикалық метрологиялық қасиеттердің сипаттамалары;

басқа метрологиялық сипаттамалар.

10. Жүйелеудің (сыныптаудың) екінші деңгейінде жүйелеу (сыныптау) объектілері кестеге сәйкес әрбір топтың құрамында айқындалған метрологиялық сипаттамалардың негізгі түрлері бойынша бөлінеді.

Сыныптаушының сыныптау топтамаларының тізбесі, олардың кодтары және атауы

Метрологиялық сипаттамалар тобының коды	Метрологиялық сипаттамалар тобының атауы, метрологиялық сипаттамалар түрінің коды және атауы	
01	Өлшеу нәтижесін анықтайтын сипаттамалар	
	0101	өлшеу диапазоны (мәндер)
	0102	өлшем мәні (көрсетілім)
	0103	түрлендіру функциясы
	0104	цифрлық кодта нәтижелерді беруге арналған өлшем құралдарының сипаттамалары
	0105	өлшем құралдары шкаласының немесе көп мәнді өлшемнің сипаттамалары
	0199	өлшеу нәтижесін анықтайтын басқа сипаттамалар
02	Қателіктің сипаттамалары	
	0201	қателіктің жалпы сипаттамалары
	0202	жүйелік қателіктің құрамдас бөлігінің сипаттамалары
	0203	қателіктің кездейсоқ құрамдас бөлігінің сипаттамасы
	0204	жиынтық қателіктің сипаттамалары
0299	қателіктің басқа сипаттамалары	
03	Белгісіздіктің сипаттамасы	
	0301	стандартты белгісіздіктің сипаттамалары
	0302	жиынтық стандартты белгісіздіктің сипаттамалары
	0303	кеңейтілген белгісіздіктің сипаттамалары
0399	белгісіздіктің басқа сипаттамалары	
04	Дәлдіктің басқа сипаттамалары	
	0401	қателіктің және (немесе) белгісіздіктің сипаттамаларының құрамында айқындалмаған дәлдіктің сипаттамалары
	Сезімталдықтың сипаттамалары	

05	0501	әсер етуші шамаларға сезімталдық
06	Динамикалық метрологиялық қасиеттердің сипаттамалары	
	0601	толық динамикалық сипаттамалары
	0602	жеке динамикалық сипаттамалары
	0603	реакция уақытының немесе есептеуді даталаудың қателігінің жеке құрамдас бөліктері
	0604	осы өлшем құралдарының ақпарат алмасу құрылғылары орындалған интерфейсте қарастырылған қызмет көрсету операцияларының орындалу уақытын ескере отырып , динамикалық сипаттамалары
	0699	өзге де динамикалық сипаттамалар
99	Басқа метрологиялық сипаттамалар	
	9901	өлшеу қателігінің аспаптық құрамдас бөлігіне әсер ету қабілетін көрсететін өлшем құралдарының сипаттамалары
	9999	өлшем құралдарының басқа сипаттамалары

11. Метрологиялық сипаттамалар метрологиялық сипаттамалардың топтары мен негізгі түрлері бойынша сыныпталады және сыныптауышта жеке позиция түрінде ұсынылады.

12. Метрологиялық сипаттамалардың әрбір түрінің құрамындағы метрологиялық сипаттамалар әліпбилік тәртіппен жүйеленеді. Бұл ретте, егер бір метрологиялық сипаттама басқа метрологиялық сипаттаманы нақтыласа (кеңейтсе), сыныптауыштың осындай позицияларын дәйекті түрде орналастыруға жол беріледі.

13. Метрологиялық сипаттамалар топтарын кодтау үшін араб цифрларынан тұратын және қажет болған жағдайда жетекші нөлмен толықтырылатын 2 таңбалы код пайдаланылады.

14. Метрологиялық сипаттамалардың түрлері араб цифрларынан тұратын 4 таңбалы кодты пайдалана отырып, дәйекті әдіспен кодталады. Метрологиялық сипаттамалар түрінің коды метрологиялық сипаттамалар тобының кодына 2 разрядты қосу жолымен құрылады, бұл ретте метрологиялық сипаттамалардың әрбір түріне қажет болған кезде жетекші нөлмен екі мәнді реттік нөмір (1-ден бастап) беріледі.

15. Кодтың форматы XXYYZZZ, мұнда:

XX – метрологиялық сипаттамалар тобының коды;

XXYY – метрологиялық сипаттамалар түрінің коды;

ZZZ – қажет болған жағдайда жетекші нөлдерді қоса отырып, метрологиялық сипаттамалардың белгілі бір түрі шеңберіндегі метрологиялық сипаттаманың реттік нөмірі.

16. Кодтарды қайта пайдалануға, оның ішінде сыныптауыштан жекелеген позицияларды алып тастағаннан кейін жол берілмейді.

17. Сыныптауыштан алынған егжей-тегжейленген мәліметтерге өзгерістер енгізу Өлшемдердің бірлігін қамтамасыз ету саласында келісілген саясатты жүргізу туралы хаттаманың (одақ туралы шартқа № 10 қосымша) 8-тармағына және осы Тәртіптің V бөліміне сәйкес мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының сұрау салуы бойынша жүзеге асырылады.

V. Сыныптауышты жүргізу

18. Комиссия немесе мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары қажеттілік болған жағдайда тізбесі осы Тәртіпке қосымшада келтірілген өлшемдердің бірлігін қамтамасыз ету саласындағы халықаралық, мемлекетаралық және ұлттық стандарттар мен ұсынымдардың ережелеріне олар туралы мәліметтерді Сыныптауышқа енгізу мақсатында сыныптаудың жаңа объектілерін анықтау тұрғысынан талдау жүргізеді (осындай стандарттардың немесе ұсынымдардың мәліметтеріне өзгерістер енгізілген жағдайда немесе өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласында жаңа стандарттар немесе ұсынымдар қабылданған жағдайда, сондай-ақ мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары айқындаған өзге де жағдайларда).

19. Мүше мемлекеттің уәкілетті органы сыныптауыштан егжей-тегжейленген мәліметтерге өзгерістер енгізу қажеттілігін анықтаған жағдайда, мүше мемлекеттің уәкілетті органы Сыныптауышқа енгізуге ұсынылатын өзгерістер тізбесін, сондай-ақ осындай өзгерістердің негіздемесін қамтитын өтінімді (бұдан әрі – өтінім) ресімдейді және оны сыныптауыштың операторына жібереді.

20. Сыныптауыштың операторы сыныптауыштан егжей-тегжейленген мәліметтерге өзгерістер енгізу қажеттілігін анықтаған жағдайда, жаңа позицияларды қосуға немесе сыныптауыштан мәліметтерге өзгерістер енгізуге өтінімді Комиссия ресімдейді.

21. Комиссия келіп түскен өтінімдерді ескере отырып, Әдіснаманың № 3 қосымшасында қарастырылған нысанға сәйкес сыныптауыштан егжей-тегжейленген мәліметтерді өзгерту жобасын (бұдан әрі – өзгерістер жобасы) дайындауды, сондай-ақ өзгерістер Жобасын мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының, оның ішінде Одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесі ресурстарының құрамына кіретін анықтамалықтар мен сыныптауыштарды құру және жүргізуге байланысты жұмыстарды үйлестіру жөніндегі жұмыс тобының отырысы шеңберінде қарауын қамтамасыз етеді.

22. Сыныптауышқа өзгерістер енгізудің орындылығын бағалау мақсатында мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының және Комиссияның өзгерістер жобасын одан әрі қарауы Әдіснаманың 86-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

23. Осы Тәртіптің 21 және 22-тармақтарында қарастырылған іс-шараларды орындау нәтижесі болып Одақтың ақпараттық порталында жарияланған өзектендірілген сыныптауыш немесе сыныптауышқа өзгерістер енгізудің орынсыздығы туралы қорытынды табылады.

Метрологиялық сипаттамалардың
сыныптауышын жүргізудің Тәртібіне
ҚОСЫМША

Метрологиялық сипаттамалар сыныптауышын жүргізу кезінде есепке алуға ұсынылатын өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы халықаралық, мемлекетаралық және ұлттық стандарттар мен ұсынымдардың ТІЗБЕСІ

Метрология жөніндегі халықаралық сөздік (International Vocabulary of Metrology – basic and General Concepts and Associated Terms, VIM);

халықаралық заңнамалық метрология ұйымының D8 құжаты "Эталондар. Таңдау, тану, қолдану, сақтау және құжаттама" (OIML D8 "Measurement standards. Choice, recognition, use, conservation and documentation");

ISO 10012:2003 стандарты "Өлшеу менеджментінің жүйелері. Өлшеу процестеріне және өлшеу жабдығына қойылатын талаптар" (ISO 10012:2003 Measurement management systems – requirements for measurement process and measuring equipment);

МемСТ 8.009-84 "Өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесі (ӨБМЖ). Өлшем құралдарының нормаланатын метрологиялық сипаттамалары";

МемСТ 8.010-2013 "Өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесі (ӨБМЖ). Өлшемдерді орындау әдістемелері. Негізгі ережелер";

МемСТ 8.315-2019 "Өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесі (ӨБМЖ). Заттар мен материалдардың құрамы мен қасиеттерінің стандартты үлгілері. Негізгі ережелер";

МемСТ 8.381-2009 "Өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесі (ӨБМЖ). Эталондар. Дәлдікті білдіру жолдары";

PMГ 29-2013 "Өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесі. Метрология. Негізгі терминдер мен анықтамалар";

PMГ 53-2002 "Өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесі. Стандартты үлгілер. Эталондар мен үлгілі өлшем құралдарын пайдалана отырып, метрологиялық сипаттамаларды бағалау";

МИ 1317-2004 "Өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесі. Өлшеу қателігінің нәтижелері мен сипаттамалары. Ұсыну формалары. Өнім үлгілерін сынау және олардың параметрлерін бақылау кезінде пайдалану тәсілдері".

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК